Бекітемін: ____________
"Талап Проект" ЖШС "Аль-Нұр"
мектепке дейінгі ұйымының
меңгерушісі: Оразалина А.Н.
«____» ____________ 2024 ж

Келісемін: ____________
Аудандық білім бөлімінің
басшысы: Дабысов М.Қ.
«____» ____________ 2024 ж

# 2024-2025 оқу жылына арналған "Аль-Нұр" мектепке дейінгі ұйымының базалық оқу жоспары

Жарлы ауылы

**Аудандық сарапшылар шешімі:**

Аудандық әдістемелік кабинеттің
меңгерушісі: __________ Суйесинов.К.И

Әдістемелік кабинеттің әдіскері: ________ Тоқсанбаева.Ж.

**Мектепке дейінгі ұйым туралы мәлімет:**

«Аль-Нұр» мектепке дейінгі ұйым. Мекен-жайы: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарлы ауылы, Қ. Боқанов көшесі, 1-үйде орналасқан. Байланыс телефондары: 8 (71345) 25-3-43. Инд: 030304. Оқу қызметі қазақ тілінде жүргізіледі.

«Аль-Нұр» мектепке дейінгі ұйым бейіндік жоба бойынша салынған, 2017 жылдан бастап жұмыс жасауда. Жас ерекшелігіне қарай 3 топта 65 бала тәрбиеленеді.

| № | Топтар атауы | Жас ерекшеліктері | Топ ерекшеліктері | Бала саны | Оқыту тілі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Балбөбек» | 2 жастан бастап | Кіші топ | 19 | Қазақ тілі |
| 2 | «Балдырған» | 3 жастан бастап | Орта топ | 22 | Қазақ тілі |
| 3 | «Бәйтерек» | 4 жастан бастап | Ересек топ | 24 | Қазақ тілі |

Мектепке дейінгі ұйым ғимараты кірпіштен салынған, екі қабатты, сыйымдылығы 75 орын. Жалпы көлемі 711,3 ш.м.

Ғимарат жекеменшік меншігінде. Оқу тәрбие жұмысы санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді сақтау туралы деректі құжатқа сай жүргізіледі. "Аль-Нұр" МДҰ ғимараты 2 қабаттан тұрады. 1-ші қабатында 1 топ бөлмесі, меңгеруші бөлмесі, медбике бөлмесі, спорт зал, асхана бөлемесі орналасқан. Олардың барлығы стандарт талапқа сай (балалар ойын бөлмесі, жатын бөлме, кіреберіс бөлме және жуынатын бөлмелермен) қамтылып, жабдықталған.

2 қабатында 1 топ бөлмесі, концерт залы, дәретхана бөлмесі орналасқан. Олардың барлығы талапқа сай жиһаздармен жабдықталған. Ғимараттың ауласында балалар ойын алаңы бар.

Топ бөлмелерінде балалар үшін барлық жағдай жасалған, бөлмелердің ауасы үнемі тазартылып тұрады. Еденге кілем төсеніштер төселген. Әр топта жатын бөлмелері бар. Тәрбиеленушілердің жасына, бойына, көру, есту жағдайларына сай үстел, орындық, жатын төсек орын жиһаздарымен қамтамасыз етілген. Жуынатын бөлмедегі дәретхана, қол жуатын орын (раковина) балалардың бойына сәйкес жасалған. Ғимараттың іші жарық, биік, кең. Әр топтың жары ашық түспен боялған. Жатын бөлмелерінің жарына арнайы суреттер салынған. Терезелері үлкен. Жылыту түрі тоқпен жылытылады. Ыстық сумен қамтамасыз етіліп тұр. Мектепке дейінгі ұйымның ауласы көгалдандырылған. Айналасы қақпамен қоршалған. Әр топтың жас ерекшелігіне сәйкес ойын алаңдары бар.

Жалпы балабақшада 8 педагог жұмыс жасайды. Әдістемелік кабинеттегі жұмыстар жоспарға сай жүргізілді.Олар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талабы бойынша балабақшаның күн тәртібін құру жұмысынан бастап оқу іс-әрекетін болжау технологиялық карталарын жасау, сайыс ережелерін құру, педагогикалық кеңестерге материалдар даярлау, жалпы педагогтың сапалық құрамын анықтау, базалық оқу жоспарын, ҰОӘ-нің кестесін құру т.б.осы сияқты жұмыс түрлері уақытылы жүргізілді. Бала өмірін қорғау денсаулығын нығайту барысындағы жұмыс түрлері маусымдық берілетін кеңестер, спорттық мерекелер, денсаулық күндері жоспарға сай өткізілді. Сауықтыру – шынықтыру жұмыстарынан ертеңгілік шынықтыру жұмыстары мен сергіту жаттығулары, ұйқыдан кейінгі шынықтыру шаралары жүргізіліп келеді. Жұмыс уақыты сағат таңғы 08.30-дан 18.30 ға дейін. МДҰ 5 күндік жұмыс жүйесіне негізделген. Мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік тілде жұмыс істейді.

***"Аль-Нұр" мектепке дейінгі ұйымның бағыттары***

«Балаларды тәрбиелеу және оқыту барысындағы жеке тұлғаға бағытталған көзқарас»

**Мектепке дейінгі ұйымның мақсаты:** Мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік құндылықтарын танып, біліп, меңгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан дүниесін қалыптастырып, тілін жетілдіріп, өзін – өзі тануы арқылы қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту.

**Мектепке дейінгі ұйымның негізгі міндеттері:**

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- сапалы мектепалды даярлауды қамтамасыз ету;
- азаматтылықты, қазақстандық патриотизмді, адам құқығы мен бостандықтарын құрметтеуді, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;
- баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара ықпалдастық;
- ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі міндеттері ағымдағы оқу жылында Үлгілік оқу бағдарламасы мен Жылдық жоспарды іске асыруды талдау барысында анықталған мәселелерден қисынды түрде туындауы тиіс. Жылдық жұмыс жоспарында қызмет бағыттары бойынша негізгі міндеттер айқындалады. Міндеттер әрбір мектепке дейінгі ұйым үшін басты болып табылады және өткен жылғы жұмысты талдау негізінде анықталады, оның барысында жұмыстағы проблемалық сәттер айқындалады.

2024 – 2025 оқу жылына арналған «Аль-Нұр» мектепке дейінгі ұйымының базалақ оқу жоспарына

**Түсінік хат**

Оқу жылының жоспары және апталық оқу жүйесі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сай Қазақстан Республикасының «Білім және ғылым министрлігінің» № 557 бұйрығы негізінде 20.12.2012 жылы жүзеге асады.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілері апталық оқу жүктемесінің рұқсат етілетін максималды көлемі мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы бала денсаулығы мен мінез-құлқының мүддесін қорғау үшін енгізілді. Білім беру мазмұны, білім беру саласы арқылы жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулықта Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруға әдістемелік ұсынымдар:

- заттық-дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу;
- тәрбиелеу білім беру процесін, күн тәртібін, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру;
- материалдар (ұлттық, қимылды ойындар, ертегілер, мобильді кітапхананы құруға қажетті материалдар, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру бойынша бейнероликтер сілтемелері, бейнероликтер және аудиоматериалдар сілтемелері және басқалар) берілген.

Білім беру ортасының белгілі бір сапасын, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етпейінше бала тұлғасының толыққанды дамуы мен денсаулығын сақтау мүмкін емес. Қауіпсіздік – тұлғаның қалыпты дамуы, қоғам, әлеуметтік орта үшін қажетті жағдай.

"Аль-Нұр" мектепке дейінгі ұйымның жұмыс оқу жоспарын әзірлеуде нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алады:

Мектепке дейінгі ұйым – білім мен ортаға бейімделудің тірегі. МДҰ-да берілген тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы әрі жан – жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын.

Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану ескеріледі.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінде:**

- әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;
- балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;
- салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимылқозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарымқатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;
- тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркемэстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды; Отанға, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиеленеді;

"Аль-Нұр" МДҰ-ның меңгерушісі: Оразалина А.Н.

Қазақстан Республикасының
оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «___» _______
№ ___ бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
2-қосымша

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

| № р/с | *Ұйымдастырылған іс-әрекет | Жас топтары |
|---|---|---|
| | | «Балбөбек» тобы<br>2 жас |
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын |
| 3 | Сенсорика | күн сайын |
| 4 | Қоршаған ортамен танысу | күн сайын |
| | Сурет салу | күн сайын |
| | Мүсіндеу | күн сайын |
| | Жапсыру | күн сайын |
| | Құрастыру | күн сайын |
| 6 | Музыка | аптасына бір рет |
| | Музыка *** | күн сайын |

Қазақстан Республикасының
оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «___» _______
№ ___ бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
2-қосымша

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

| № р/с | *Ұйымдастырылған іс-әрекет | Жас топтары |
|---|---|---|
| | | «Балдырған» тобы<br>3 жас |
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын |
| | Қазақ тілі | аптасына бір рет |
| | Қазақ тілі *** | күн сайын |
| 3 | Сауат ашу негіздері | - |
| 4 | Математика негіздері | күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен танысу | күн сайын |
| 6 | Сурет салу | күн сайын |
| | Мүсіндеу | |
| | Жапсыру | |
| | Құрастыру | |
| 7 | Музыка | аптасына бір рет |
| | Музыка **** | күн сайын |

Қазақстан Республикасының
оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «___» _______
№ ___ бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
2-қосымша

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

| № р/с | *Ұйымдастырылған іс-әрекет | Жас топтары |
|---|---|---|
| | | «Бәйтерек» тобы<br>4 жас |
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын |
| | Қазақ тілі | аптасына бір рет |
| | Қазақ тілі *** | күн сайын |
| 3 | Сауат ашу негіздері | - |
| 4 | Математика негіздері | күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен танысу | күн сайын |
| 6 | Сурет салу | күн сайын |
| | Мүсіндеу | |
| | Жапсыру | |
| | Құрастыру | |
| 7 | Музыка | аптасына екі рет |
| | Музыка **** | күн сайын |

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

**** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293
«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_
«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_
«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_
Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137
«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469
«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669
Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235
Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017657
Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227
Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077_

Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750_
Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272
Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584
Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен 9 жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239
Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883
Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылады (2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама)http://rc-dd.kz/sites/rc dd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2021/IMP_060821_kaz.pdf